Эстрадиолдың сіңірілуі бөлшектерінің өлшемдеріне тәуелді, микрондалған эстрадиол асқазан-ішек жолынан жылдам сіңіріледі. Төменде микрондалған эстрадиолдың 2 мг дозасы үшін эстрадиолдың тұрақты күйінің (E2), эстрон (E1) мен эстрон сульфатының (E1S) фармакокинетикалық параметрлерінің орташа мәндерімен берілген кесте келтіріліп отыр:

2 мг эстрадиол

	E2	E1	E1S
C _{max}	103.7 (48.2) (pg/ml)	622.2 (263.6) (pg/ml)	25.9 (16.4) (ng/ml)
C _{min}	48 (30) (pg/ml)	270 (138) (pg/ml)	5.7 (5.9) (ng/ml)
C _{av}	68 (31) (pg/ml)	429 (191) (pg/ml)	13.1 (9.4) (ng/ml)
AUC ₀₋₂₄	1619 (733) (pg.h/ml)	10209 (4561) (pg.h/ml)	307.3 (224.1) (ng.h/ml)

Таралуы

Эстроген байланысқан күйінде де, бос күйінде де анықталады. Эстрадиол дозасының шамамен 98-99%-ы плазма ақуыздарымен байланысады, олардың 30-52 %-ға жуығы альбуминмен және 46-69 %-ға жуығы жыныстық гормондарды байланыстыратын глобулинмен (ЖГБГ) байланысады.

Метаболизмi

Препаратты ішке қабылдағаннан кейін эстрадиол жылдам метаболизденеді. Негізгі конъюгацияланбаған және конъюгацияланған метаболиттері - эстрон мен эстрон сульфаты. Бұл метаболиттері өздігінен де, эстрадиолға айналғаннан кейін де эстрогендік белсенділік таныта алады. Эстрон сульфаты бауырішілік метаболизмге ұшырауы мүмкін.

Элиминациясы

Эстрон мен эстрадиол несеппен, көбінесе глюкуронидтер түрінде шығарылады. Жартылай шығарылу кезеңі 10-16 сағатты құрайды. Эстрогендер бала емізетін аналардың сүтімен бөлініп шығады.

Дозаға және уақытқа тәуелділігі. Фемостон® 2/10 таблеткаларын күн сайын ішке қабылдағанда, эстрадиол тұрақты концентрациясына 5 күн қабылдаудан кейін, көбінесе 8-11 күндерге қарай жетеді.

Дидрогестерон

Сіңірілуі

Ішке қабылдағаннан кейін асқазан-ішек жолынан жылдам сіңіріледі. Ең жоғарғы концентрациясына жету уақыты (T_{max}) 0.5-тен 2.5 сағатқа дейін. Дидрогестеронның ішке қабылданған 20 мг дозасындағы абсолюттік биожетімділігі (вена ішіне енгізілген 7.8 мг-мен салыстырғанда) 28% құрайды.

Кестеде 10 мг дозадағы дидрогестерон үшін дидрогестерон (Д) мен дигидродидрогестеронның (ДГД) тұрақты күйінің фармакокинетикалық параметрлерінің орташа мәндері келтірілген.

10 мг дидрогестерон

	Д	ДГД
C_{max} (ng/ml)	2.54 (1.80)	62.50 (33.10)
C_{min} (ng/ml)	0.13 (0.07)	3.70 (1.67)
C_{av} (ng/ml)	0.42 (0.25)	13.04 (4.77)
AUC_{0-t} (ng.h/ml)	9.14 (6.43)	311.17 (114.35)

Таралуы

Дидрогестеронның тұрақты концентрациясы жағдайында вена ішіне енгізендегі таралу көлемі 1400 л жуық. Дидрогестерон мен ДГД қан плазмасы протеиндерімен 90%-дан астам байланысады.

Метаболизмі

Ішке қабылдағаннан кейін Д ДГД-ге жылдам метаболизденеді. Негізгі метаболиті 20- α -дигидродидрогестеронның (ДГД) концентрациясы ең жоғарғы деңгейіне дозасын қабылдағаннан кейін шамамен 1.5 сағаттан соң жетеді. ДГД қан плазмасындағы концентрациясы Д қарағанда едәуір жоғары. ДГД мен Д АUC (қисық астындағы ауданы) және C_{max} (ең жоғарғы концентрациясы) арақатынастары шамамен, сәйкесінше 40 және 25 құрайды. Д мен ДГД жартылай шығарылу кезеңі орташа алғанда, сәйкесінше 5–7 сағатты және 14–17 сағатты құрайды. Барлық метаболиттерінің ортақ ерекшелігі, туыстық қосылысы 4,6-диен-3-он конфигурациясы өзгеріссіз қалатындығында және 17-альфа-гидроксилденудің жоқтығы болып табылады. Бұл Д эстрогендік және андрогендік әсерлерінің жоқтығымен түсіндіріледі.

Элиминациясы

Ішке қабылдағаннан кейін Д дозасының орташа алғанда 63%-ы несеппен шығарылады. Плазмадан жалпы клиренсі 6.4 л/минут. Д толық шығарылуы 72 сағаттан соң орын алады. ДГД несеппен көбінесе глюкурон қышқылының конъюгаты түрінде шығарылады.

Дозаға және уақытқа тәуелділігі. Фармакокинетикасы 2.5-тен 10 мг дейінгі аралықта бір рет дозаланғанда да, бірнеше рет дозаланғанда да дозасына тәуелді сипатқа ие. Бір реттік және бірнеше реттік дозаларының кинетикасын салыстыру, Д мен ДГД фармакокинетикасы дозасын қайталап қабылдаудың нәтижесінде өзгермейтіндігін көрсетеді. Тұрақты концентрациясына 3 күн емдеуден соң жетеді.

Фармакодинамикасы

Эстрадиол

Фемостон® 2/10 белсенді ингредиенті 17-β эстрадиол, химиялық және биологиялық тұрғыдан адамдағы эндогендік эстрадиолға ұқсас. Ол әйелдерде менопауза кезінде жоғалтылған эстроген өнімдерінің орнын басады және эстрогендер тапшылығы симптомдарын жеңілдетеді. Эстрогендер менопауза немесе овариэктомия салдарынан сүйек тінінің жоғалтылуының алдын алады.

Дидрогестерон

Дидрогестеронның ішке қабылданғандағы белсенділігі парентеральді енгізілген прогестеронның белсенділігімен салыстырымды. Эстрогендер эндометрийдің өсуіне ықпал ететіндіктен, прогестагендерді қоспай эстрогендерді қабылдау эндометрий гиперплазиясы мен обыры қаупін арттырады. Прогестагендерді қосу жатыры алынып тасталмаған әйелдердегі эстроген түрткі болатын эндометрий гиперплазиясы қаупін едәуір төмендетеді.

Фемостон® 2/10 эстрогендер тапшылығы және жатырдан қан кету кезіндегі дисфункционалдылық симптомдарын емдеудегі тиімділігі:

Тоқтату қан кетулері әдетте, орташа алғанда циклдың 28-ні күні басталады. Лақылдап қан кетулер мен жұғынды бөліністер кейде, емдеудің алғашқы бірнеше айында, сирек жағдайда – 10-12 ай емдеу бойында байқалады. Бірқатар жағдайларда емдеудің алғашқы жылы ішінде аменорея (қан кетулердің немесе жұғынды бөліністердің болмауы) туындауы мүмкін.

Остеопороз профилактикасы.

Менопауза кезіндегі эстроген тапшылығы сүйектің ремодельденуінің жеделдеуімен және сүйек массасының азаюымен байланысты. Эстрогендердің сүйек тінінің минералдық тығыздығына әсері дозасына тәуелді. Қорғанысы барлық емдеу курсы бойына жүреді. Орынбасушы гормоналды емді (ОГЕ) тоқтатқаннан кейін сүйек массасының көлемі ем қабылдамайтын әйелдердегі сүйек массасының азаю жылдамдығына ұқсас жылдамдықпен азаяды. ОГЕ сүйегінің тығыздығы төмен және/немесе остеопороз анықталған әйелдерде сынулардың алдын алуы мүмкін, алайда, бұл туралы мәліметтер шектеулі.

Қолданылуы

- постменопауза кезеңіндегі әйелдердегі (соңғы етекірден кейін кемінде 6 айдан соң) эстрогендер тапшылығы түрткі болған бұзылыстардың орынбасушы гормоналды емінде (ОГЕ).

- остеопороз профилактикасы үшін мақұлданған дәрілік препараттарды көтере алмаушылық немесе қарсы көрсетілімдері болған жағдайда, сынулар қаупі жоғары әйелдердегі постменопаузальдық остеопороз профилактикасы үшін

Қолдану тәсілі және дозалары

Эстроген үздіксіз қабылдауға арналып дозаланған. Прогестаген бірінен соң бірін қолдану үшін әр 28 күндік циклдың соңғы 14 күні ішінде қосылады. Емдеу циклдың алғашқы 14 күні бойына күн сайын кірпіш түстес-қызғылт таблетканың біреуін қабылдаудан басталады, содан соң келесі 14 күн бойы сары таблетканың біреуін, қаптамасындағы препаратты 28 күнтізбелік күндер бойына қабылдауға есептелген нұсқауларға сәйкес күн сайын қабылдаумен жалғастырылады. Фемостон[®] 2/10 үздіксіз, қаптамалары арасында үзіліс жасамай қабылдау керек.

Егер әйел таблетканы уақытында қабылдауды ұмытып кетсе, онда оны қабылдануы тиіс сәттен бастап 12 сағат ішінде қабылдау керек. Егер 12 сағаттан артық уақыт өтіп кетсе, онда «ұмыт қалған» таблетканы қабылдаған жөн, және келесі таблеткасын әдеттегі уақытында қабылдау керек. Таблетканы қабылдауды өткізіп алу лақылдап қан кетулер немесе қан аралас жұғынды бөліністердің ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Фемостон[®] 2/10 препаратын ас ішуге байланыссыз қабылдауға болады.

Егде жастағылар. 65 жастан асқан әйелдерді емдеу тәжірибесі шектеулі.

Балалар мен жасөспірімдер. Фемостон[®] 2/10 препаратын балалар мен жасөспірімдерде қабылдау үшін көрсетілімдер жоқ.

Жағымсыз әсерлері

Клиникалық зерттеулерде жиі хабарланған жағымсыз әсерлер – бас ауыруы, іш ауыруы, емшек ауыруы/ауырсындырып кернеуі, белдің ауыруы.

Келесі жағымсыз әсерлер төменде келтірілгендей жиілікпен байқалған

Өте жиі ($\geq 1/100$)

- бас ауыруы
- іш ауыруы
- белдің ауыруы
- емшек ауыруы /кернеп ауырсындыруы

Жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$ дейін)

- қынаптық кандидоз
- депрессия, күйгелектік
- бас сақинасы, бас айналуы
- жүрек айнуы, құсу, метеоризм
- терінің аллергиялық реакциялары (соның ішінде, бөртпе, есекжем, қышыну)
- етеккір бұзылыстары (жұғынды бөліністер, қынаптан қан кету, меноррагия, аменорея, етеккірдің жүйесіздігі, дисменорея), кіші жамбастың ауыруы, цервикальді секреция
- астениялық жағдайлар (астения, қажу, жайсыздық), шеткері ісінулер
- дене салмағының жоғарылауы

Жуі емес ($\geq 1/1000$, $< 1/100$ дейін)

- жатыр миомасы өлшемінің ұлғаюы
- аса жоғары сезімталдық реакциялары
- либидо өзгерістері
- веналық тромбоз, артериялық гипертензия, шеткері қантамырлардың ауруы, веналардың варикозды кеңеюі
- кейде сарғаюмен, астениямен немесе жайсыздықпен және іш ауыруымен қатар жүретін бауыр функциясының бұзылуы, өт қалтасы функциясының бұзылулары
- сүт бездері өлшемінің ұлғаюы, етеккіралды синдром
- дене салмағының азаюы
- циститтәрізді синдром
- диспепсия

Сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$ дейін)

- миокард инфарктісі
- ангионевроздық ісіну, қантамырлық пурпура, түйіндақты эритема*, емдеуді тоқтатқаннан кейін де сақталып қалуы мүмкін хлоазма немесе мелазма
- гемолиздік анемия*
- менингиома*
- мөлдір қабық қисығының ұлғаюы*, жанаспалы линзаларды көтере алмаушылық*, инсульт*
- аяқтың құрысуы*

* - клиникалық зерттеулерде байқалмаған, өздігінен келіп түскен хабарламалардан алынған жағымсыз әсерлер сирек жиілікке қосылды.

Сүт безі обыры (СБО) қаупі

Құрамында біріктірілген эстроген-прогестаген бар препараттарды 5 жыл және одан көп уақыт бойы қабылдап жүрген әйелдерде, СБО қаупі 2 есеге дейін жоғары. Тек эстрогенмен ОГЕ қабылдаған әйелдерде қауіптің кез келген жоғарылауы, біріктірілген эстроген-прогестагенмен ОГЕ қабылдаған әйелдермен салыстырғанда аз болды. Қауіп деңгейі емдеудің ұзақтығына тәуелді.

Эндо метрий обыры (ЭО)

Постменопауза кезеңіндегі, жатыры алынып тасталмаған әйелдер

Жатыры бар әйелдерге құрамында тек эстрогендер бар ОГЕ препараттары ұсынылмайды, өйткені ол ЭО қаупін арттырады.

Эстрогендермен монотерапияға циклдың кемінде 12 күні бойына прогестагендерді қосу бұл қауіптің жоғарылығын едәуір қысқартады.

Аналық без обыры

Тек эстрогенмен ОГЕ немесе эстрогенмен және прогестагенмен біріктірілген ОГЕ қолдану аналық бездер обыры диагнозының анықталуы қаупінің болар-болмас жоғарылауымен қатар жүрді.

Вена тромбозы қаупі

ОГЕ кезінде вена тромбозының (ВТЭ), яғни, аяқтардың терең веналары немесе өкпе артериясы тромбоздарының салыстырмалы қаупі 1.3-

3.0 есе жоғарылайды. Мұндай асқыну ықтималдығы ОГЕ кейінгі жылдарына карағанда, алғашқы жылында зор.

Жүректің ишемиялық ауруы қаупі біріктірілген ОГЕ пайдаланушылары тобында 60 жастан асқан кезде елеусіз жоғарылайды.

Ишемиялық инсульт (ИИ) қаупі. Моноэстрогендік және біріктірілген ОГЕ препараттарын қабылдау ишемиялық инсульт дамуының салыстырмалы қаупінің 1.5 есеге дейін жоғарылауымен байланыстырылады. Геморрагиялық инсульт қаупі ОГЕ кезінде жоғарыламайды. Салыстырмалы қаупі жас шамасына немесе ОГЕ ұзақтығына тәуелді емес, бірақ бастапқы қаупі жас шамасына айтарлықтай тәуелді болғандықтан, ақыр аяғында ОГЕ қабылдайтын әйелдердегі инсульт қаупі жас ұлғайған сайын арта түседі.

Біріктірілген эстроген-прогестаген препараттарын (эстрадиол/дидрогестеронды қоса) қабылдаумен байланысты белгілі болған басқа жағымсыз реакциялар:

- эндометрий обыры, аналық без обыры сияқты эстрогенге тәуелді қатерсіз және қатерлі жаңа түзілімдер
- прогестагенге тәуелді ісік (мысалы, менингиома) өлшемінің ұлғаюы
- гемолиздік анемия
- жүйелі қызыл жегі
- гипертриглицеридемия
- ықтимал деменция, хорей, эпилепсияның өршуі
- кератоконустың күшеюі, жанаспалы линзаларды көтере алмаушылық
- артериялық тромбоз
- панкреатит (гипертриглицеридемиясы бар әйелдерде)
- мультиформалы эритема, түйіндақты эритема, қантамырлық пурпура, препаратты тоқтатқаннан кейін де қалып қоюы мүмкін хлоазма немесе мелазма
- балтыр бұлшықеттерінің түйілулері
- несепті ұстай алмау
- сүт безі тінінің фиброзды-кystalық өзгерістері, жатыр мойнының эрозиясы
- порфирияның ауырлауы
- қалқанша без гормондары деңгейінің жоғарылауы

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді заттарына немесе қосымша компоненттерінің кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- бұрын диагнозы анықталған немесе күдік болған сүт безі обыры
- бұрын диагнозы анықталған немесе күдік болған эстрогенге тәуелді қатерлі ісіктер (мысалы, эндометрий обыры)
- диагнозы анықталған немесе күдік болған прогестагенге тәуелді жаңа түзілімдер (соның ішінде, менингиома)
- жыныс жолдарынан этиологиясы белгісіз қан кетулер
- бақыланбайтын эндометрий гиперплазиясы

- қазіргі кездегі немесе анамнездегі вена тромбоэмболиясы (терең веналар тромбозы немесе өкпе қантамырларының тромбоэмболиясы)
- диагнозы анықталған тромбофилиялық бұзылыстар (протеин С, протеин S немесе антитромбин тапшылығы)
- қазіргі кезде белсенді немесе жуырда бастан өткерген артериялық тромбоэмболия (мысалы, стенокардия, миокард инфарктісі)
- бауырдың бұрыннан бар (немесе анамнездегі) жедел немесе созылмалы белсенді ауруларында, бауыр тестілері қалыпқа түскенге дейін
- порфирия
- анықталған немесе болжамды жүктілік және бала емізу кезеңі
- балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Дәрілермен өзара әрекеттесулерін зерттеуге арналған зерттеулер жүргізілген жоқ.

Эстрогендер мен прогестагендердің тиімділігі төмендеуі мүмкін:

Эстрогендер мен прогестагендердің метаболизмі бауырдың микросомалық ферменттерін индукциялайтын Р450 цитохромы жүйесінің препараттарын, мысалы, 2В6, 3А4, 3А5, 3А7 бір мезгілде қолданғанда жоғарылауы мүмкін. Оларға құрысуға қарсы (фенобарбитал, карбамазепин, фенитоин) және инфекцияға қарсы (рифампицин, рибавирин, невирапин, эфавиренез) препараттар жатады.

Ритонавир мен нелфинавир, СҮР450 3А4, А5, А7 күшті тежегіштері ретінде белгілі болса да, стероидты гормондармен бір мезгілде қолданылғанда олардың метаболизмін күшейтуі мүмкін.

Өсімдіктерден алынған, құрамында шайқурай (*Hypericum perforatum*) шөбі бар дәрілік препараттар СҮР450 3А4 бәсеңдету арқылы, эстрогендер мен прогестагендердің метаболизмін жоғарылатады.

Эстрогендер мен прогестагендер метаболизмінің жоғарылауы клиникалық тұрғыдан препарат тиімділігінің төмендеуімен және етеккір тәрізді реакция сипатының өзгеруімен көрініс беруі мүмкін.

Эстрогендер басқа дәрілік заттардың метаболизмін бұзуы мүмкін:

Эстрогендер бәсекелесе бәсеңдету арқылы СҮР450 жүйесі энзимдерін тежеуге қабілетті. Бұның, әсіресе, төмендегілер сияқты емдік қолданылу аясы тар препараттарға қатысты маңызы зор:

- такролимус және циклоспорин А (СҮР450 3А4, 3А3)
- фентанил (СҮР450 3А4)
- теofilлин (СҮР450 1А2).

Клиникалық тұрғыдан бұл аталған заттардың плазмадағы деңгейінің уытты деңгейге дейін жоғарылауымен көрініс беруі мүмкін. Осылайша, пациент әйелдерді ұзақ уақыт бойы мұқият қадағалау және такролимустың, фентанилдің, теofilлин мен циклоспорин А дозасын төмендету қажет болуы мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

ОГЕ менопауза симптомдары әйелдің өмір сапасына айтарлықтай ықпал ететін жағдайларда тағайындалады. Барлық пациент әйелдерге мұқият қауіптері мен артықшылықтарын, кемінде жылына бір рет бағалап отыру қажет. Фемостон® 2/10 қабылдау, күтілетін артықшылықтары ықтимал қаупінен едәуір жоғары кезде жалғастырыла береді.

Мерзімінен бұрын басталған менопаузаның ОГЕ-мен байланысты қаупіне қатысты дәлелдері шектеулі. Алайда, жастау әйелдерде абсолюттік қаупінің төмендігі арқасында, олар үшін артықшылықтары мен қауіптерінің арақатынасы жасы үлкендеу әйелдердегіге қарағанда жағымдырақ болуы мүмкін.

Медициналық тексеру және қадағалау.

ОГЕ бастаудың немесе қайта жаңғыртудың алдында толық медициналық және отбасылық анамнез жинақтау қажет. Медициналық тексеру (сүт бездері мен кіші жамбас ағзаларын тексеруді қоса) ықтимал қарсы көрсетілімдерін және сақтық шараларын қажет ететін жағдайларды анықтау мақсатында жүргізіледі. Фемостон® 2/10 препаратымен емдеу кезінде динамикалық қадағалау ұсынылады, зерттеулердің жиілігі мен сипаты жекелей белгіленеді. Пациент әйелдер сүт бездеріндегі барлық өзгерістер туралы өздерінің емдеуші дәрігеріне хабарлап отыруы керек екендігін білуі тиіс. Маммографияны қоса арнайы зерттеулер клиникалық көрсетілімдерін ескере отырып, қолданыстағы скрининг нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Қадағалауды қажет ететін жағдайлар

Егер Фемостон® 2/10 препаратымен емдеу кезінде пациент әйелдерде төменде атап келтірілген жағдайлар орын алған немесе бұрын болған болса, олар дәрігердің мұқият қадағалауында болуы тиіс:

- жатыр миомасы немесе эндометриоз
- тромбоэмболиялық жағдайлар дамуының қауіп факторлары
- эстрогенге тәуелді ісіктердің қауіп факторлары (мысалы, 1 дәрежелі туысқандарындағы сүт безі обыры)
- артериялық гипертензия
- бауыр аурулары (гепатоцеллюлярлық аденома)
- ангиопатиямен немесе онсыз жүретін қант диабеті
- өтпас ауруы
- бас сақинасы немесе (ауыр) бас ауыруы
- жүйелі қызыл жегі
- анамнездегі эндометрий гиперплазиясы
- эпилепсия
- бронх демікпесі
- отосклероз
- менингиома

Бұл аталған жағдайлардың айқындығы жүктілік немесе осының алдындағы гормоналды ем кезінде күшейген пациент әйелдерге қатысты. Фемостон® 2/10 препаратымен емдегенде аталған жағдайлар қайта басталуы немесе айқынырақ бола түсуі мүмкін екендігін ескеру қажет.

Емдеуді дереу тоқтатудың себептері.

Қарсы көрсетілімдері анықталған немесе келесі жағдайларда Фемостон® 2/10 қабылдауды тоқтату керек:

- сарғаю немесе бауыр функциясының бұзылуы
- артериялық қысымның едәуір жоғарылауы
- бас сақинасы тәрізді бас ауыруының пайда болуы
- жүктілік

Эндо метрий гиперплазиясы және обыры.

Эндо метрий гиперплазиясы мен обыры қаупі жатыры алынып тасталмаған әйелдерде эстрогендерді ұзақ уақыт қабылдағанда жоғарылай түседі. Моноэстрогендік ОГЕ препараттарын пайдаланушылар арасында эндо метрий обыры қаупінің жоғарылауы пайдаланбайтындармен салыстырғанда, емдеудің ұзақтығына және эстрогеннің дозасына байланысты 2 реттен 12 ретке дейін байқалады. Эстрогенді қабылдау тоқтатылғаннан кейін қауіп 10 жыл бойы жоғары күйінде қалады.

Емдеуге прогестагенді 28 күндік циклдың кемінде 12 күндік циклымен қосу немесе эстроген-прогестаген біріктірілімінде тұрақты түрде қосылуы жатыры алынып тасталмаған әйелдерде тек эстрогендермен ОГЕ қабылдаумен байланысты қауіптің жоғарылауының алдын алуы мүмкін.

Лақылдап қан кетулер мен жұғынды қан кетулер кейде емделудің алғашқы бірнеше айында байқалады. Фемостон® 2/10 қабылдау кезіндегі немесе емделуді тоқтатқаннан кейінгі лақылдап қан кетулер немесе жұғынды қан кетулер жағдайында – себебін анықтау үшін тексеру жүргізу қажет. Оған қатерлі үдерістің бар-жоқтығын анықтау үшін эндо метрий биопсиясы кіруі мүмкін.

Сүт безі обыры

Клиникалық және фармакоэпидемиологиялық зерттеулер нәтижелерінің қазіргі мәліметтеріне сәйкес, ОГЕ арналған біріктірілген препараттарды қабылдап жүрген, мүмкін моноэстрогендік препараттарды қабылдап жүрген әйелдерде СБО қаупі жоғары, және бұл шама емдеу ұзақтығына тәуелді.

Құрамында эстроген+прогестаген бар біріктірілген препараттар

Рандомизацияланған плацебо-бақыланатын WHI зерттеуі мен фармакоэпидемиологиялық зерттеулер, ОГЕ арналған біріктірілген препараттарды қабылдап жүрген әйелдерде СБО қаупінің жоғарылағанын көрсетті, ол емдеу басталғаннан кейін 3 жылдан соң көрініс береді.

Құрамында эстроген бар препараттармен монотерапия

WHI зерттеуінен жатыры алынып тасталған, құрамында тек эстроген бар препараттарды пайдаланған әйелдерде СБО қаупінің жоғарылағаны анықталған жоқ, оқшау жүргізілген зерттеулерден СБО қаупінің болар-болмас жоғарылағаны туралы хабарланған, ол біріктірілген препараттарды қабылдап жүрген әйелдердегіге қарағанда әлдеқайта төмен.

СБО қаупінің жоғарылауы емдеудің алғашқы бірнеше жылы ішінде байқалады, бірақ, емдеуді тоқтатқаннан кейін бірнеше жыл (ең көбі 5 жыл) ішінде бастапқы деңгейіне қайта келеді. Біріктірілген ОГЕ препараттарын

қабылдағанда маммографиялық кескіннің тығыздығы жоғарылайды, бұл СБО рентгенологиялық диагностикасына теріс ықпалын тигізуі мүмкін.

Аналық без обыры

Аналық без обырына шалдығу СБО-ға қарағанда әлдеқайда сирек. Эстрогенмен монотерапияны немесе эстрогенді прогестагенмен біріктіріп ОГЕ ретінде қолданып жүрген әйелдерде қауіптің біраз жоғарылағаны анықталды, ол 5 жыл қолдану ішінде көрініс береді және қолдану тоқтатылғаннан кейін уақыт өте келе азаяды. Біріктірілген ОГЕ препараттарын пайдалану дәл осындай, немесе біраз ағзантай қауіппен байланысты болуы мүмкін.

Вена тромбозы.

ОГЕ вена тромбозы (ВТЭ), яғни, аяқтың терең веналарының тромбозы және өкпе тромбозы дамуының салыстырмалы қауіпін 1.3-3 есе жоғарылаумен астасады. Мұндай асқыну ықтималдылығы кейінгі жылдарға қарағанда, емдеудің алғашқы жылында жоғары.

Анамнезінде ВТЭ бар немесе диагнозы қойылған тромбофилиялық жағдайлары бар пациент әйелдерде ВТЭ қауіпі жоғары, және ОГЕ бұл қауіпті арттыруы мүмкін. Сондықтан, пациент әйелдердің аталған тобында ОГЕ қолдануға болмайды.

ВТЭ бойынша қауіп факторларына: эстрогендерді қабылдау, жас егделігі, ауқымды хирургиялық операциялар, ұзақ уақыт бойғы иммобилизация, ауыр дәрежелі семіздік (ДСИ 30 кг/м² асатын), жүктілік және босанғаннан кейінгі кезең, жүйелі қызыл жегі мен обыр жатады. Қазіргі кезде веналардың варикозды кеңеюінің ВТЭ қауіп факторларына қатыстылығы туралы бірыңғай пікір жоқ.

Операциядан кейінгі кезеңдегі пациент әйелдерде ВТЭ болдырмау мақсатында шаралар қолдану қажет. Операциядан кейін ұзақ уақыт бойы иммобилизациялау жоспарланған жағдайларда, Фемостон® 2/10 қабылдауды мүмкіндігінше 4-6 апта бұрын тоқтату керек. Емдеуді тек, қимыл-қозғалыс белсенділігі толығымен қалыпқа келгеннен кейін ғана қайта бастауға болады. Анамнезінде ВТЭ жоқ, бірақ бірінші дәрежелі туыстарында анамнезінде жастау кездерінде ВТЭ болған әйелдер, тромбофилияға қатысты тексеруден өтуі тиіс. Сонымен қатар, скрининг кезінде қан ұюы патологиясының барлық түрлері бірдей анықтала бермейтіндігін ескеру және әйелге ескерту керек. Егер отбасы мүшелерінде тромбофилиялық ақау (мысалы, антитромбин, протеин S немесе протеин C тапшылығы немесе ақаулардың біріктірілімі) анықталса, ОГЕ қолдануға болмайды. Аталған қауіп тобындағы, антикоагулянттық ем қабылдап жүрген пациент әйелдерде ОГЕ тағайындаудың қауіптері мен артықшылықтарын мұқият бағалау қажет.

Егер ВТЭ Фемостон® 2/10 қабылдау аясында дамыса, емделуді тоқтата тұру керек. Пациент әйел, ВТЭ симптомдарының алғашқы мүмкін белгілері (аяқтардың ауырсынумен ісінуі, кеуденің кенеттен ауыруы, ентігу) пайда болғанда, ол дереу емдеуші дәрігеріне қаралуы керек екендігін білуі тиіс.

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА).

ЖИА бар немесе жоқ әйелдерде ОГЕ (тек эстрогендермен немесе прогестагендермен біріктірілген) миокард инфарктісі дамуынан қорғайтындығына қатысты дәлелдер алынған жоқ.

Құрамында эстроген+прогестаген бар біріктірілген препараттар

ОГЕ арналған біріктірілген препараттармен емдеу кезінде ЖИА салыстырмалы қаупі аздап жоғарылайды. ЖИА дамуының абсолюттік қаупі елеулі дәрежеде жас шамасына тәуелді болғандықтан, біріктірілген препараттармен ОГЕ қабылдап жүрген әйелдердегі ЖИА қосымша жағдайларының жиілігі жас шамасы менопауза басталуына жақындаған дені сау әйелдер тобында өте төмен, және жас ұлғая келе арта түседі.

Құрамында эстроген бар препараттармен монотерапия

Жатыры алынып тасталған, эстрогендерді монотерапияда қабылдап жүрген әйелдерде ЖИА қаупі жоғарыламайды.

Ишемиялық инсульт.

Дені сау әйелдерде біріктірілген препараттармен немесе тек эстрогенмен ОГЕ кезіндегі ишемиялық инсульт қаупі 1.5 есе жоғарылайды. Салыстырмалы қаупі жас шамасына немесе менопауза ұзақтығына тәуелді емес. Алайда, ишемиялық инсульт қаупі жас шамасына тәуелді екендігі белгілі, сондықтан, ОГЕ қабылдап жүрген әйелдерде инсульт қаупі жас ұлғая келе жоғарылай түседі.

Басқа жағдайлар

Эстрогендер сұйықтық іркілуіне ықпал етеді, сондықтан, жүрек немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациент әйелдерді мұқият қадағалау қажет.

Гипертриглицеридемиясы бар әйелдер эстрогендермен орынбасушы ем немесе біріктірілген ОГЕ кезінде мұқият қадағалауды қажет етеді, өйткені, панкреатит дамуына әкеп соқтырған қан плазмасы триглицеридтерінің едәуір жоғарылағаны туралы сирек хабарлар бар.

Эстрогендер тиреоид байланыстырушы глобулин (ТБГ) деңгейін арттырады, ол ақуызбен байланысқан йод, Т4 және Т3 деңгейі бойынша өлшенетін айналымдағы тиреоидтық гормонның жалпы деңгейінің жоғарылауына алып келеді. Трийодтирониннің (Т3) сіңірілу деңгейі төмендейді, бұл ТБГ концентрациясының жоғарылауын көрсетеді. Бос Т4 немесе Т3 деңгейлері өзгермейді.

Басқа байланыстырғыш протеиндердің, мысалы, кортикоид байланыстырғыш глобулиннің, жыныстық гормондарды байланыстырушы глобулиннің деңгейлері жоғарылауы мүмкін, бұл айналымдағы кортикостероидтық және жыныстық гормондар деңгейінің сәйкесінше жоғарылауына алып келеді. Бос немесе биологиялық белсенді гормондардың концентрациялары өзгермейді. Сонымен қатар, плазманың басқа протеиндерінің (ангиотензин/ренин субстратының, α -1-антитрипсиннің, церулоплазминнің) деңгейлері де жоғарылауы мүмкін.

ОГЕ когнитивтік функцияны жақсартпайды. ОГЕ бастаған 65 жастан асқан әйелдерде деменция ықтималдығы қаупі бар.

Тұқым қуалайтын галактозаны көтере алмаушылығы, Лапп лактазасы тапшылығы немесе глюкоза-галактоза сіңірілуінің бұзылуы бар науқастар Фемостон® 2/10 препаратын қабылдамауы тиіс.

Фемостон® 2/10 ұрықтануға қарсы дәрі емес.

Жүктілік және лактация

Егер жүктілік Фемостон® 2/10 препаратын қабылдау аясында басталса, емді дереу тоқтату керек. Фемостон® 2/10 препаратын жүкті әйелдердің қабылдағаны туралы қолда бар мәліметтер шектеулі.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Фемостон® 2/10 автокөлік және қозғалмалы механизмдерді басқаруға әсер етпейді.

Артық дозалануы

Симптомдары: Эстрадиол мен дидрогестеронның уыттылық дәрежелері төмен. Препараттың жүрек айнуы, құсу, сүт бездерінің ауыруы, ұйқышылдық, бас айналуы, іш ауыруы, енжарлық /қажығыштық және тоқтату қан кетуі сияқты жағымсыз әсерлері күшеюі мүмкін.

Емі: симптоматикалық. Арнайы емнің қажет болуы ықтималдығы аз. Арнайы антидоты жоқ. Бұл ақпарат балаларға қатысты да қолданылады.

Шығарылу түрі және қаптамасы

28 таблеткадан (құрамында 2 мг эстрадиол бар, кірпіш түстес қызыл 14 таблетка және құрамында 2 мг эстрадиол мен 10 мг дидрогестерон бар, сары түсті 14 таблетка) поливинилхлорид үлбір мен алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынған.

1 пішінді қаптама медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

Өндіруші

Эбботт Байолоджикалз Б.В.,

Веервег 12, 8121 АА Ольст, Нидерланды

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Эбботт Хелскеа Продактс Б.В.,
С.Д. ван Хоутенлаан 36 НЛ-1381 СП Веесп Нидерланды

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефоны, факсы, электронды поштасы)

«Абботт Қазақстан» ЖШС

050060 Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,

Ходжанов көшесі 92, кеңсе 90

тел.: +7 7272447544, +7 7272447644,

e-mail: pv.kazakhstan@abbott.com